

БҮЙРЫҚ

«7» Қыркүйек 2023 ж

ПРИКАЗ

№ 97

2023-2024 оқу жылында оқушылардың тамақтануын ұйымдастыру туралы

Қазақстан Республикасы «Білім туралы» Занының 43 бабының 2 тармағының 11 тармақшасына, 48 бабының 5 тармағына және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандығы №598 «Мемлекеттік орта білім беру ұйымдарында, мектептен тыс қосымша білім беру ұйымдарында білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру, сондай-ақ мемлекеттік мектепке дейінгі ұйымдарда, жетім балалар мен ата-анасының камқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында тәрбиеленетін және білім алатын балаларды тамақтандыруды камтамасыз өтуге байланысты тауарларды сатып алу қағидалары» туралы бұйрығына 2022 жылғы 10 тамыздағы №359 енгізілген өзгерістер мен толықтыруларға сәйкес және «Астана қаласының Білім басқармасы» басшысының «2023-2024 оқу жылында білім беру ұйымдарындағы тамақтандыруды ұйымдастыру туралы» 2023 жылғы №1871 бұйрығы негізінде **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Жекелендірілген санаттағы білім алушыларға мемлекеттік қызмет көрсетудің орындалуы барысында тегін сапалы тамақтандыру 2023 жылдың 04 қыркүйегінен бастап 5-11 сынып аралығында: 12 атаулы әлеуметтік көмек алатын, 3 жетім, 12 аз қамтылған отбасы, барлығы 37 оқушы мектеп асханасынан күніне бір мезгіл тегін ыстық тамакпен қамтамасыз етілсін, жауапты – мектептің әлеуметтік педагогі;

2. Күн сайынғы ас мәзірі бекітіліп, ата-аналар мен оқушылардың занды өкілдері үшін асхананың қол жетімді жеріне орналыстырылсын.

3. Мектептегі тамактануды ұйымдастыру кезінде санитарлық ережелер мен нормаларға, Қазақстан Республикасының басқа да нормативтік-құқықтық актілеріне және әдістемелік ұсыныстарына

сәйкес санитарлық эпидемиологиялық талаптардың орындалуы жүзеге асырылсын, жауапты – медбике;

4. Асханадағы кезекшілік кестесіне білім қызметкерлері бекітілсін, окушыларды кезекшілікке тартуға тыйым салынсын, жауапты – тәрбие жөніндегі орынбасар;

5. Тамактанудың кестесін бекіту кезінде тамактану уақытының ұзақтығын ескеріп, сабак арасындағы конырау ұзақтығы 15 минутқа сәйкестендірілсін, жауапты – оку ісі жөніндегі орынбасар;

6. Интернет-ресурстарында «Мектептегі тамактану» айдарында мектептегі тамактандыруды ұйымдастыру ай сайынғы ақпарат (мәзір, бракераждық комиссия кұрамы) жөнінде ақпарат берілсін, жауапты – М.Тілепалды;

7. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды директордың тәрбие жөніндегі орынбасары Ж.Г. Матеноваға жүктелсін.

Бұйрықтың орындалуын бақылау өзіме қалдырамын.

Директордың мәд.

Қ.Мұқашев

